

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылы әкімінің 2025 жылғы 15 мамырдағы № 5 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 38 Әуликөл ауданы жер учаскелерін беру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасынан үзінді көшірмесінің негізінде Әуликөл ауылының әкімі ШЕШТІ :

1. "Әуликөл ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Әуликөл ауданы әкімдігінің тілдерді дамыту және аудандық мәдениет үйі" МҚКК сыртқы инженерлі жүйесіндегі газ отынын пайдаланатын блок-модульдік қазандығының құрылысы үшін жалпы ауданы 0,0607 гектар Әуликөл ауылы, Шақшақ Жәнібек батыр атындағы көшесі аумағында орналасқан жер учаскесіне қоғамдық сервитут белгіленсін.

2. "Әуликөл ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін "Әуликөл ауылы әкімінің аппараты" ММ интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б. Шаймерденов